

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК Ата-ана жиналысының Хаттамасы №1

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылы: мақсаттар мен міндеттер»

Өткізілген уақыты: 2025 ж. қыркүйек айы

Өткізілген орны: Балабақша топ бөлмесі

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, ата-аналар

Күн тәртібі:

1. Жаңа оқу жылына арналған балабақша жұмыс жоспары туралы таныстыру.
2. Топ тәртібі мен күнделікті режимді ата-аналарға түсіндіру.
3. Балалардың қауіпсіздігі ережелерімен ата-аналарды таныстыру.
4. Ата-аналар мен педагогтер арасындағы серіктестікті нығайту.

Жиналыс барысы:

1-мәселе бойынша Топ тәрбиешісі жиналысты ашып, ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Балабақшаның 2025–2026 оқу жылына арналған негізгі мақсаттары мен міндеттері туралы қысқаша ақпарат берді. Жоспарда балалардың жан-жақты дамуына, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіне, еңбекқорлыққа баулуға, сөйлеу және ойлау қабілетін жетілдіруге бағытталған шаралар қамтылғаны айтылды. Жиналыс барысында педагогтер ата-аналарға оқу жылына арналған жоспардың мазмұнын түсіндірді. Онда балалардың білім, тәрбие, даму бағыттары нақты көрсетілді: сөйлеу дағдыларын дамыту, математикаға алғашқы түсініктер беру, шығармашылық қабілеттерін арттыру, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру, табиғатты қорғауға тәрбиелеу және еңбекке баулу деп түсіндірді.

2-мәселе бойынша Әдіскер Саттықова А Топ режимі: балалардың күн тәртібіне сәйкес таңғы жаттығу, оқу іс-әрекеттері, серуен, ойын, тынығу, тамақтану уақыттары түсіндірілді. Баланың тәртіпке үйренуі – оның денсаулығы мен дамуына тікелей әсер ететіндігі атап өтілді. Таңертеңгі қабылдаудан бастап, жаттығулар, оқу іс-әрекеті, серуен, тынығу, ойындар – барлығы баланың денсаулығы мен дамуына жағдай жасайтыны түсіндірілді. Тәртіпті сақтау арқылы балада жауапкершілік, уақытты дұрыс пайдалану дағдылары қалыптасатыны ерекше атап өтілді.

3-мәселе бойынша Қауіпсіздік ережелері бойынша тәрбиеші ата-аналарға баланың жолда жүру, ойында өзін-өзі ұстау, электр құралдарымен ойнамау, ыстық сусындар мен қауіпті заттардан аулақ болу ережелерін еске салды. Сондай-ақ жазатайым жағдайлардың алдын алу үшін ата-ананың да жауапкершілігі зор екендігі айтылды.

Жиналыс соңында ата-аналар сұрақтар қойып, пікір алмасты. Ата-аналар мен педагогтер бірлескен жұмысты нығайтуға, бір-біріне қолдау көрсетуге уағдаласты.

Шешім:

1. Балабақша жоспары бойынша ата-аналарды хабардар етіп отыру.
2. Балалардың күн тәртібін үйде де сақтауға ата-аналарға ұсыныс жасау.
3. Қауіпсіздік ережелерін ата-аналар тарапынан қатаң қадағалау.
4. Ата-аналармен бірлесе отырып тәрбиелік іс-шараларды өткізу.